



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»  
атты халықаралық ғылыми конференциясы  
Алматы, Қазақстан, 4-6 сәуір 2024 жыл

Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»  
Алматы, Казахстан, 4-6 апреля 2024 года

International Scientific Conference of Students and  
Young Scientists  
“FARABI ALEMI»  
Almaty, Kazakhstan, April 4-6, 2024

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ ЮРИДИЧЕСКИЙ  
ФАКУЛЬТЕТ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERCITY  
FACULTY OF LAW

---

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»  
атты студенттер мен жас ғалымдардың  
халықаралық ғылыми конференциясының  
МАТЕРИАЛДАР жинағы  
*2024 жыл 4-6 сәуір*

Сборник материалов  
Международный конференций студентов и молодых ученых  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

*Алматы, Қазақстан, 4-6 апреля 2024 года*

Collection  
Of the International Conference of Students and Young Scientists  
«FARABI ALEMİ»  
*Almaty, Kazakhstan, 4-6 april 2024*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2024

8. <https://lsm.kz/kakie-traty-zaplanirovany-u-kazahstana-na-2024-god-infografika>
9. [https://t.me/prosud\\_kz](https://t.me/prosud_kz)
10. <https://ru.wikipedia.org/>
11. <https://informburo.kz/stati/pochemu-v-specinternate-v-ayagoze-umirayut-deti-invalidy.html>
12. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/detskie-suitsidy-v-kazahstane-nazvana-pugayuschaya-tsifra-511970/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/detskie-suitsidy-v-kazahstane-nazvana-pugayuschaya-tsifra-511970/)
13. <https://bilim-all.kz/figure/9?posts=quotes>

**Қуандық Хорлан**

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы **Рысқалиев Д.У.**

## **ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАЛАЛАРДЫ АСЫРАП АЛУ ПРОЦЕСІН ЗАҢНАМАЛЫҚ РЕТТЕУ АСПЕКТІЛЕРІ**

Мақалада Қазақстан және шет ел азаматтарының баланы асырап алу жөніндегі заңнама нормаларына талдау жасалынынды.

Tengrinews.kz ақпараттық порталының 2024 жылдың басындағы Қазақстан Республикасының (әрі қарай- ҚР) Оқу-ағарту министрлігінің құқықтарды қорғау комитетіне жолдаған ресми сұрауға жауап ретінде бүгінде республикамызда-22 081 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың бар екендіктері хабарлаған. Аталмыш ведомствоның мәліметі бойынша елде аталған санаттағы балаларға арналған 116 ұйым, оның ішінде білім беру жүйесінде – 78 ұйым, денсаулық сақтау жүйесінде – 18, Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде – 20 ұйымның қызмет атқаратындағы жария етілген. Қазақстанда жетім 2- жасқа дейінгі сәбилер-96, 2 жастан 4 жасқа дейін-445, 5 жастан 11 жасқа дейін – 5562, 12 жастан 17 жасқа дейін-15 978 балалардың бар екендігі туралы ақпарат ресми жауапта көрсетілген.[1]

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санының азаймауына ата-аналардың екеуінің де немесе жалғызбасты ата-ананың сот шешімі негізінде өз құқықтарынан айырылуы немесе шектелуінің көптігі себеп болуда. Сот шешімі шыққан жағдайда оның қарар бөлігінде балаға қорғаншылық немесе қамқоршылықты арнайы органның тағайындау міндеті көрсетіледі. Арнайы «статусқа» ие болатын тұлғаға, балаға басым жағдайда туыстары қорғаншы немесе қамқоршы болып тағайындалады. Тәжірибеде жақындары балаларды бірден асырап алмайды, себебі НжОК-нің 77-бабының 7- тармағына сәйкес «Ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда бала асырап алуға соттың оларды ата-ана құқықтарынан айыру туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап алты ай өткен соң жол беріледі» [2]. Ал қамқоршылықты тағайындау туралы атқарушы орган шешімі 1 ай көлемінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, бала асырап алынған жағдайда асырап алушыға бірреттік төлемақы беріледі, ал қамқоршылық және қорғаншылық тағайындалғанда ай сайынғы төлем ақыны тқлеу жүзеге асырылады. Ол төлем баланың қажеттіліктеріне ғана жұмсалады және де оны жұмсау жөніндегі есеп белгіленген тәртіпте алынады. Сонымен қатар, туыс болып табылатын қорғаншылар балаға мемлекет беретін жеңілдіктерден, оның құрамында тұрғын үйге ие болу құқығынан айырылмасын деген ниетпен, сол мақсатта және де сот процессінің ұзақ уақыт болатындығы ескеріліп тек қорғаншылықтың ғана тағайындалуын қалауы мүмкін.

Елімізде жетім ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі (бұдан әрі – РДБ) құрастырылған. РДБ-де есепте тұрған балалар азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан, балалардың туыстарына, ҚР аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен асырап алуға берілуі мүмкін. ҚР азаматтары болып табылатын, Республикалық деректер банкінде орталықтандырылған есепте тұрған балалар ҚР тыс жерде тұрақты тұратын ҚР азаматтарына асырап алуға берілуі мүмкін. Дерекқор бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз және жетім балаларды асырап алуға қажет деректермен танысу және міндетті кездесуді ұйымдастыру үшін қызметті алуды тек қамқоршылық және қорғаншылық органының өкілдері, балалар үйі қызметкерлері және бала асырап алуға үміткер органның оң қорытындысын алған тұлғаларға мүмкіндік беріледі.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» № 407 бұйрығына сәйкес үміткер болу үшін көптеген құжаттар тізбесін өткізу қажет. [2] Жәй ғана бала асырап алу үміткері атану үшін ерлі-

зайыптының өзінің жеке меншік тұрғын үйі, тұрақты табысы, денсаулық жағдайының жақсы болуымен қатар, олардың жақын туыстарының келісімінің және арнайы дайындықтан өтуге уақыты болуы қажет. Еліміздегі табыс көзінің аздығы мен тұрғын үйдің шарықтаған бағасының болуының өзі үміткер болу мүмкіндігінен айыратыны, шектейтіндігі белгілі. Тіпті барлық мүмкіндік болған жағдайдың өзінде отбасы дені сау жаңа туған сәбиді асырап алуды қалайды. Ал жасы өскен сайын баланы асырап алушылардың сұраныстарының азаятындығы белгілі жағдай.

Елімізде қалыптасқан қоғамның осы мәселелер бойынша көзқарасын түсіну белгілі бір көлемде қиындық туғызады. Олар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу бойынша өздерінің шешімдерін өз уақытында қабылдауды кешіктіреді, алайда оларды асырап алғысы келіп көптеген әрекет жасап мұхит асып келетін тұлғаларға балаларды асырауға беруді қатаң сынға алады. Шетелдіктердің бала асырап алуы туралы істерді қараған кезде сот азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан баланың туыстарының не ҚР азаматтарының осы баланы бірінші кезекте асырап алу құқығын балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының іске асырғанын анықтауға міндетті. Шетелдіктердің бала асырап алуына балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында ҚР тең мәнді халықаралық міндеттемелері бар елдердің азаматтарына ғана рұқсат етіледі.

ҚР-ның 2010 жылғы 12 наурыздығы № 253-IV Заңы бойынша 1993 жылғы 29 мамырда Гаагада қабылданған Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция ратификациядан өткізілді. Аталған Конвенцияны өз елінде ратификациялаған мемлекеттер саны қазіргі таңға 105, ал ТМД елдерінің ішінде Қазақстан жалғыз мемлекет болып табылады. Ол БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясын күшейтеді (21-бап) және халықаралық бала асырап алу жөніндегі стандарттар, ережелер баланың мүддесі үшін және оған құрметпен қарауға, өміріне, денсаулығына ерекше назар аударуда, құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуге сондай-ақ бала саудасының алдын алуға, оған жол бермеуге бағытталған. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарына қорғау комитетінің 01 қыркүйек 2020 жылғы Бала асырап алу жөніндегі шетелдік агенттіктердің өкілдіктерінің тізбесін жариялау тізімінде Ұлыбритания, Бельгия, Испания, Италия, АҚШ, Канада, Франция елдерінің 11 агенттігінің тізімі көрсетілген, аталған агенттіктер Астана, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Павлодар қалаларында орналасқан. [3]

2023 жылдың 20 қаңтарында Newcastle University профессоры Peter Selman жасаған есебіне сәйкес (сайтта 2015, 2017 жылғы есептерінле Қазақстандық деректер көрсетілмеген), аталмыш Конвенция бойынша, 2004-2021 жж аралығындағы асырап алынған, асырауға берілген балалар саны туралы есебіне сүйенсек Қазақстан аталмыш Конвенцияны ратификацияламай тұрып шетелдіктерге балаларды асырап алуға бергені көрсетілген. Атап айтсақ: 2004 жылы-899 бала, 2005-849 бала, 2006-735, 2007-817, 2008-768, 2009-682, 2010-516, 2011-218, 2012-5, 2013-28, 2014-63, 2015-34, 2016-20, 2017-17, 2018-9, 2019-10, 2020-3 бала асырап алуға берілсе, 2021 жылы асырап алуға берілген бала саны болмаған. Есепте көрсетілген: 5673 баланың тек 923 ғана Конвенцияны ратификациялау туралы Заңның күшінен енгенінен кейін ғана асырап алуға берілген. Алайда 2004-2021 жылдар аралығында Конвенцияға қатысушы мемлекеттер арасынан бірде-бір бала ҚР азаматтарымен асырап алынбағандығы көрсетілген. Яғни, Конвенция аясында еліміз тек бала асырап алуға берумен айналысатынын байқай аламыз. [4]

Тәуелсіздік алғалы бері 2004 жылға дейінгі аралықта қанша бала қай елге асырап алуға берілгені туралы ашық дереккөздерде нақты деректер табылмады. Аталған істер жабық сот отырыстарында қаралып баланы асырап алу құпиясыменен қорғалатындықтан балалардың құқықтық жағдайы, оларды басқа туыстарының тәрбиесіне беру мүмкіндігінің болғаны не болмағаны, асырап алушының жағдайы туралы мәліметтерді, деректерді біле алмаймыз. Шешімдер жария етілмеген.

Жетім баланың ел шегінде өз отбасын тауып, оның толыққанды мүшесі атануы үшін көптеген факторлар әсер етеді. Ең бастысы қамқоршылық және қорғаншылық органы тарапынан бала асырап алғысы келетін тұлғаларға олармен өзінің құқығын жүзеге асыру барысында оларға толыққанды көмек көрсету, сүйемелдеуін қажет деп санаймыз. Ата-аналық құқықты шектеу, ата-аналық құқықтан айыру, бала асырап алу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану бойынша мүдделі тұлға ретінде қатысатын қамқоршылық және қорғаншылық органдарын бөлек институт ретінде тануды қажет етеді. Аталған орган аудандық білім бөлімі жанында құрылады, қызметін жүргізеді және де көп жағдайда 1-2 әдіскерлер (олар педагог, психолог, заңгер, есепші және де әлеуметтік қызметкердің әрекеттерін орындайды) аудан бойынша тек қорғансыз балалармен ғана емес, сонымен қатар ата-анасы бар барлық балалардың құқықтарын қорғауға міндетті және де көптеген мемлекеттік қызметті көрсете отыра аудандық әкім жанындағы кәмететке толмағандар істері жөніндегі комиссияның қызметін жүзеге асыруға мәжбүр. Аталған органды бөлек бөлім ретінде шығарып, оған бесаспап 1-2 маманды ғана емес,

толыққанды әр салада баланың құқығын қорғайтын мамандарды тарта отырып ол жөніндегі істерді қарау барысында сапалы дәлелдемелер мен орнықты позициямен балалардың құқығын қорғай алуға мүмкіндіктерді беруді қажет етеді.

Қоғамда биліктің балаларды шетелге асырауға беру әрекетін айыптау қалыпты жағдай, алайда енді ғана 20 миллион халық санына жеткен еліміз үшін жетім балалар санының тым көптігі, оларды асырап алу үрдісінің халық арасында «созбалау» деп қате түсінік қалыптасуы қамқоршылық және қорғаншылық органдарының дұрыс жасақталмауынан орын алып отыр деген қорытынды беруге мәжбүрміз. Аталмыш органның мәртебесін күшейтпеу азаматтық іс жүргізуде ата-аналық құқықты шектеу және ата-аналық құқықтан айыру істерінің дұрыс қаралуына теріс әсер етеді.

Алайда, тіпті аталмыш орган жаңадан жасақталып, жұмысының сапасы артқан күннің өзінде де жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасын табуы еліміздің шегінде емес-шетел асуы заңдылық. Ескерілетін жағдай баланың болашақта өзін-өзі қалыптастыру барысында өзінің кім екенін, елі және ата-анасы туралы ақпаратты іздестіретін жағдайлар кездеседі. Шетелдіктерге баланы асырауға беру тек соңғы шара болса да, қоғам тарапынан үкімет пен билікті сынауға себепке айналуда. Мемлекет тарапынан осы жағдайлардың салдарымен емес, себебімен күресетін уақыт жеткен сияқты. Бәлкім аталған олқылықтарды жөндеудің орнына, балаға қатысты өз міндеттерін орындауы тиіс ата-аналармен жұмыс жүргізу қажет шығар.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/skolko-v-kazahstane-detey-sirot-521617/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-v-kazahstane-detey-sirot-521617/)
2. <https://adilet.zan.kz/>
3. <https://www.gov.kz/memleket/entities/bala/press/article/details/21587?lang=kk>
4. <https://assets.hcch.net/docs/a8fe9f19-23e6-40c2-855e-388e112bf1f5.pdf>

**Маратов А.К.**

Научный руководитель: Ст.преподаватель **Худайбердина Г.А.**

## **ЗАЩИТА ПОТРЕБИТЕЛЕЙ В ЭЛЕКТРОННОЙ ТОРГОВЛЕ: ПРОБЛЕМЫ И ВЫВОДЫ**

С развитием технологий и расширением доступа к интернету электронная коммерция стала неотъемлемой частью современной экономики. Онлайн-магазины предоставляют потребителям широкий выбор товаров и услуг, удобные способы оплаты и доставки, а также возможность совершать покупки в любое удобное время, не покидая дома или офиса. Однако вместе с ростом популярности электронной торговли возникают новые вызовы и проблемы, связанные с защитой прав потребителей. Защита прав потребителей в электронной коммерции становится все более актуальной темой в нашем современном обществе. Онлайн-покупатели сталкиваются с различными рисками, такими как мошенничество, некачественные товары или услуги, задержки в доставке и несоблюдение условий сделки. Без должного законодательного регулирования и защиты со стороны государства потребители оказываются в уязвимом положении перед недобросовестными продавцами и сервисами.

Поэтому важно провести анализ существующей правовой базы и механизмов защиты прав потребителей в электронной торговле, выявить пробелы и недостатки, а также предложить решения и рекомендации для их устранения. Обеспечение эффективной защиты прав потребителей в онлайн-среде не только способствует укреплению доверия к электронной коммерции, но и стимулирует развитие цифровой экономики и рост онлайн-торговли в целом.

Разберем некоторые проблемы в этой сфере. Одной из основных проблем, это недостаток прозрачности и уверенности для потребителей, в особенности это проявляется в менее крупных интернет-площадках. К примеру, покупатель недостаточно проинформирован о правах и гарантиях, доступных им при покупке товаров. Продавец злоупотребляет функциями своей площадки скрывая данную информацию необходимую для потребителя, усложняя процесс нахождения политиках возврата товаров или процедурах решения споров, либо в общем исключает данный пункт, что в случаях спора между продавцом и покупателем вызывает массу вопросов, и это лишь одна из проблем, с которой может столкнуться неосведомленный потребитель. Стоит обратить и внимание на такие проблемы, как сложности в обеспечении безопасности онлайн-платежей и трудности в применении правовых норм в международном контексте. Под безопасностью подразумеваются персональные данные клиентов, достаточно часто бывают случаи разглашения персональных данных в коммерческих целях и так далее. Что на счет трудности применения правовых норм в международном контексте, в